ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 тамыз №1513-23-00-2/1643-іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұғалжар аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Акмарал» Акмарал Турдыбековна Туремуратова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Есімғалиқызы
талап қоюшы өкілі А.Е.Қуанышалиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің «Мұғалжар аудандық мәдениет үйі» МКҚК-сі (бұдан әрі-талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен ЖК «Акмарал» А.Т.Туремуратова (бұдан әрі – жауапкер, өнім беруші) арасында бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілі негізінде 2023 жылдың 1 маусымында №39 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн аралығында 122 400 теңгеге тауарды жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 3672 теңге мөлшерінде 2.06.2023 жылы енгізілген.

Жауапкер міндеттемені орындамаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою арызбен жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 1 836 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер міндеттерін орындамағандығын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі талапты қолдап, жауапкермен міндеттемелер орындалмағандығын айтып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сотқа қатысқан жоқ. Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4-бөлігінің (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасында (бұдан әрі-Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Заңның 12 бабының 4 тармағында, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында жауапкермен келісім-шартта көрсетілген міндеттер орындалмағандығы анықталды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 31.08.2023

Талапкердің айыппұлды өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 15 күн үшін есептеген. Сот бұл есепті дұрыс деп санайды, 1 836 теңге мөлшерінде өндірілуге жатады деп есептейді.

Сот, АПК-нің 109,117-баптарына сай, сот шығындары өндірілуге жатады деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұғалжар аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Акмарал» Акмарал Турдыбековна Туремуратова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Акмарал» Акмарал Турдыбековна Туремуратовадан «Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұғалжар аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының пайдасына 1 836 (бір мың сегіз жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыбы, 55 (елу бес) теңге мөлшерінде баж салығы және жергілікті бюджет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұғалжар аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның пайдасына жергілікті бюджеттен 2894 (екі мың егіз жүз тоқсан төрт) теңге қайтарылсын.

Шешімге бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен

бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап шығарған сот арқылы апелляциялық шағым немесе прокурор өтінішхат берілуі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Көшірмесі дұрыс

Судья Р.Б.Кустанов

Анықтама

Шешім көшірмесі заңды күшіне 10 қазан 2023 жылы енді.

Судья Р.Б.Кустанов

Судья Р.Б.Кустанов

Тігілген және нөмірленген беттер

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 31.08.2023

1513-23-3-1/1832